



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Южно-Казахстанская область

1. Абдешова Арайлым.....	2
2. Дәулетбек Ділбар	6
3. Елікбай Салтанат.....	9
4. Жұман Айдана	11
5. Қалдиса Айдана.....	24
6. Құрманжан Шолпан	26
7. Мырзахан Елдар.....	28
8. Сапарбек Жанерке.....	30
9. Сиязбек Айғаным.....	33
10. Түгелкелді Арайлым.....	46
11. Шүренбай Рауан	50

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Абдешова Арайлым

7 – сынып, Қ.Сыпатаев атындағы

№7 мектеп – лицейі,

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Шымкент қаласы,

Жетекші: Бекбосынова Ләйла Мүтәнқызы

e-mail: malika_utegenova@mail.ru

Мен - Тәуелсіз елдің ұрпағымын!

«Мен сенемін жастарға:

Алаш атын аспанға

Шығарар олар бір таңда,

Мен жастарға сенемін!»

М.Жұмабаев

Тәуелсіздік! Осы бір мағынасы тереңге еніп, сан ғасырлар шежіресінен сыр шертетін киелі ұғым – бүгінде жас мемлекетімнің алтын тұғырына орнығып, халқыма елдік пен бірліктің шуағын шашқандай! Биыл тәуелсіздігіміздің таңы атқанына 25 жыл толып отыр. Ширек ғасырлық ғұмырында егеменді елім сан белестерді бағындырды.

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің күдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз - біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі - біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егеменді ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Әрине, тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды.

Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына тапталпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті - елге - мұра, ұрпаққа – ұран болып келе жатыр. Ұлт - азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсан оқиғасы - біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен ұстаздарымыздың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынында «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақпын» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп, патриоттық сезімін оятары сөзсіз.

Мектеп оқушысы болсам да Қазақстанның болашағы үшін, оның одан әрі дамып, көркейіп, гүлденіп 50 елдің қатарына қосылуына, мен де өз үлесімді қосқым келеді. Қандай да бір жақсылық болмасын, қиындықпен келетінін білемін. Дегенмен де қиындықтарға мойымай, әрдайым қарсы тұрып жеңе білу керек.

Тәуелсіздік жолы - азаматтық жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен-өзі толады деп, жігеріңді құм етуге болмайды. Абай айтқандай, мал табу жолына түсу керек. Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы - қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазіргі кезде халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды. Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы тарихи кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасы мен тарихын білу зор маңызға ие болып отыр. “Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз”, - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» атану міндеттері жатыр.

Егемен елдің азаматы - арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Мен - өз елімнің патриотымын! «Патриотизм» дегеніміз (грек тілінде - Отан, туған жер) - Отанға деген сүйіспеншілік. Адам бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау керек. Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір-қасиет тұтуды Ұлы Дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари де айтып кеткен болатын. «Ұлы Дала» демекші, «Ұлы Дала» ұғымы - баяғыдан бар ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз - қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы - біздің қазақтың жері. Біздің даламызда кен де болған, темір де

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

болған, қолөнер де болған, бәрі болған», - деп атап өтті Мемлекет басшысы. Осы орайда Елбасы мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атап өтіп, жапондар күншығыс еліміз, қытайлықтар аспан асты еліміз, кәрістер таңғы шық еліміз деп санайтындығын мысалға келтірді. Бізде де сондай ұғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала еліміз» деп айтқан келеді. «Ұлы Дала» мен «Көк аспан» деп те айтуға болар еді. Кең дала - біздің жеріміз. Осы жерде біз тұрып жатырмыз, өсіп жатырмыз, өркендеп жатырмыз, ұрпақ асырап жатырмыз. Осы жерде мемлекетімізді құрып, оны шаңырағын биік қылып, көк тудың астына жиналып жатырмыз. Біздің байрағымыздың өзінде көк аспан, жарқыраған күн бейнеленген», - деді көреген Елбасы.

Сондай – ақ, Қазақстан атауы бүгінгі күні барша әлем халқына танылған атау болып отырғандығын баса атап өтті. «Бірақ біз халықтың ішінде ұлы даланың ұрпағымыз десек, келіп тұрған сияқты. Ол халықтық атау болуы керек», - деген де ой айтты. Елбасымыз ұсынған «Ұлы Дала елі» атауы құлаққа жағымды естіледі. Шындығында да біз Алтайдан Атырауға дейін Алатаудан Сарыарқаға дейінгі Ұлы Даланы еркін жайлаған еліміз ғой. Сөзімді Қазақстан халқы болып, ұлы дала перзенттері болып, Мемлекет басшысы көтерген «Ұлы Дала елі» идеясы төңірегіне топтасып, оны халықтық атауға айналдыру керекпіз. Ендеше, тәуелсіздік жолы - үміт жолы. Тәуелсіздік жолында жанын құрбан еткен ата-бабалар рухының бостандық алған елден күтері аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Егемен елдің өскелең ұрпағы - біздің мақсатымыз айқын, рухымыз биік. Сондықтан да еліміздің шежірелі тарих беттерінде ата-бабамыздың бас бостандығы мен ыстық қанымен жазылған ерліктерін ту етіп, алға ұмтылу - қасиетті парымыз деп білемін.

25 жылдық тарих: бұл көп пе, аз ба? Оны саралау уақыт еншісінде. Бір білетінім - Отаным осы аралықта биік белестерді бағындырып, өз есімін әлемге паш ете білді. Ал біздің міндетіміз - өз еліміздің асқақ абыройын қашанда биік ұстау. Өйткені Алаштың айбынды ұлы Мағжан бабамыз артып кеткен үміт, Алаш елінің жарқын болашағы біздің, яғни арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты ұландардың қолында!

Мен болашақта мұғалімдік мамандықты игергім келеді. Осылайша өмірімді бала оқыту ісіне арнамақпын. Бұл істе Елбасының «Ұлы Дала елі» идеясын және «Жүз нақты қадам» атты ұлт жоспарын басшылыққа ала отырып, егеменді елімнің болашағын биік белестерге апаратын азамат боламын деп талпынамын.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың :

Сен үшін , Отан , сертім сол –
Неден де болса тайынбан !

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Киелі менің өрісім,
Барлығы - дағы сен үшін ,-
деген өлең жолдарын өзіме ұран қып ұстап, талабы таудай , өнері
жасампаз елімді гүлдендіруге , оның даңқын асыруға өзіндік күш –
қуатымды арнаймын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Дәулетбек Ділбар

8-сынып оқушысы

ОҚО Қазығұрт ауданы

Үшбұлақ елді мекені

Жетекші: Тойлыбаева Гүлжамилә Керімбайқызы

e-mail: k.omiraliyev@mail.ru

Менің әулетім

Менің атамның аты – Дәулет. Атам 30 жыл комбайн айдаған, 30 жылда да озат комбайнер атанған екен. Оған куә атамның сандығында сақталып тұрған көптеген алғыс хаттар, мақтау қағаздар мен төсбелгілер.

Кейде мен атамнан:

- Ата, осыншама дәу техниканы жүргізу қиын емес пе? – деп сұраймын.

- Е, балам, оңай жерде нан бар ма? Біздің кездегі техника қазіргідей зырылдап тұрды дейсің бе? Жазда далада 30⁰ ыстық болса, комбайн ішінде 80⁰ - ты көрсетіп тұрушы еді. Бірақ далада еңбек етудің өзіндік рахаты болушы еді ғой, - деп атам сонау адырға, сап-сары болып пісіп тұрған бидайлы алқапқа құмарта, сағына қарайды. Атам – қазір зейнеткер.

Атам маған бабам жайлы көп әңгіме айтатын. Атамның әкесі Салыбай бабам 100-ге таяу өмір сүріп, дүниеден озған. Ол кісіні жұрт тірі тарих, шежірелі қария деп құрметтейді екен.

Бабам аулымыздың етегінен ағып өтетін Келес өзенінен бөлініп ауыл ішіне ағатын «Алтын арық» деп аталатын су бойына су диірмен орнатып, істеткен екен. Сол диірмен ауыл халқын неше жылдар бойы ұнмен қамтамасыз етіпті.

1932-1933 жылдардағы қазақ елінде ашаршылық бұл өлкені де айналып өтпейті. Халықта бір түйір дән жоқ, тігерге тұяқ жоқ, халық босып кеткен тұс екен. Жұрт сонда көктемде жерге шыққан бақ-бақ бар емес пе, соны нанша жейді екен. Неше түрлі бұршақ тұқымдас өсімдіктерді теріп, халық далада қалып жатады екен.

Бір күні бабам диірменге қарай бұрылған суды бітейін, бәрібір істеп тұрған жоқ қой деп суды Келеске қарай бұрыпты. Сөйтіп, қарны аш, өзегі талған бабам ілбіп арық жағалап келе жатса, бірдеңе шылп-шылп етеді дейді. Байқап қараса суы тоқтаған арықтың әр тұсында қалған суда шыпырлаған балық дейді. Бабам ауылға қарай жүгіріп, ауыл адамдарын шақырып, адамдар лайға, балшыққа қарамай балық теріпті. Содан әр күні арыққа суды біраз уақыт ағызып барып, тоғанды бітей қояды екен. Содан

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

не керек ауылдың аштан түгел қырылмауына осы Алтын арықтың да ықпалы болған екен. Мұның бәрін мен атамның әңгімесінен білгем.

Біздің әулет - негізінен техника жүргізудің шеберлері. Бабам ең алғаш ауылға келген трактор, молотилка деген техникаларды жүргізген екен. Соғыс басталғанда бабам тыл жұмысына алынған екен. Магнитогорск қаласында еңбек етіп, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан. Бабам майданда, әкем жас, диірмен қараусыз қалған екен. Кейін ел есін жиып, әкем ержеткенде диірмен тасты іздеп, Келестің бір бұралып аққан тұсынан астыңғы бетін тауып, трактормен үйіне әкеп қойған.

Атамның ауласының бір шетінде диаметрі 1,5 метрге жуық келетін, тау тасынан қашалған диірмен тастың бір беті тұр. «Екінші бетін тапсам әкемнің атын жазып музейге қояр ем» - дейді атам.

Менің атам – өте еңбекқор. Зейнетте болса да бір тынбайды. Атамның бауында жеміс ағашының сан түрі самсап өсіп тұр. Кей ағаштың бір бұтағында көк алма, бір бұтағында қызыл алма піседі.

Атамның үлкен ұлы – менің әкем. Бірнеше алып техникасы, жеке шаруа қожалығы бар. Атамның екінші ұлы – Айбек аға. Ағам – фермер.

Ауылдан алысырақ жерде үлкен мал қорасы бар. Ол жерде негізінен ірі қара мал ұстайды. Сауын сиырлар мен бордақы мал ұстайды. Ол жерде көп адам еңбек етеді. Ағайым көптеген жерге егін егеді: бидай, арпа, жоңышқа.

Кеше атам екеуміз егіс даласына бардық, қайнаған еңбек. Шаршадым, талдым деген бір адамды көрмедім. Тау-тау астық жинаған жігіттер мақтанышпен, рахаттанып жұмыс істеп жүр. Бастарына шарт байлаған ақ шыт орамалдары да, гармон сияқты етіктері де жарасымды.

Атам ағаларыма: «Ешкімнің ақысына қиянат етпеңдер, Артық төлесен де, кем төлеме» деп қатаң ескертіп отырады. Біз қайтқанша кеш бата бастады. Ауылға қарай шұбаған мал....

Ауыл ортасында ең көрнекті жерде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш бар. Атам бұл тұстан өткенде ылғи тоқтап, тізерлеп отырып құран оқиды.

«Бұл жерде біздің әулеттен төрт адамның аты бар» - деп айтады.

Бабамның бір ағасы Сталинград түбегіндегі шайқаста қайтыс болса, бір ағасы Курск түбінде қалған екен.

«Сіздің еріңіз Жүзейұлы Ақселеу Курск түбегіндегі шайқаста Отан үшін ерлерше қайтыс болды» деген тілдей қайғылы қара қағаз келгенде Жібек әжеміз «Аһ» ұрып:

Арда бір кеткен ер едің,
Ел үшін кеттің не дермін...
Жат жерде қалды-ау есіл ер,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Содан да жасым төгемін, - деп жоқтау айтқан дейді атам.

Өткенде атам екеуміз Қазығұртқа, аудан орталығына, бардық. Аудан орталығында үлкен ескерткіш тұр. Биіктігі 5,6 метр келетін алып ескерткіш қалай шебер құйылған...

Есік пен төрдей ат мінген дулығасы басында, үкілі найза ұстаған мынау ердің қабағы тым қату, алысқа, сонау алысқа, ел шетіне көз тігеді.

«Елдің шеті аман ба, елімнің тыныштығын ешкім бұзбасын» деп тұрған сияқты. Ескерткішті ұзақ тамашаладым.

Атам: «Бұл Райымбек батыр ғой, елді қалмақтардан қорғаған» деді иығымнан ұстап. Мен «білем, білем ғой» дегендей басымды изедім.

Атам әлі де өзінің автокөлігін өзі жүргізеді. Жақында бітіп, қолдануға берген «Ташкент – Самара» тас жолы айнадай тегіс. Ауылға тез-ақ келдік.

Ауылға кіре берісте алдымыздан жас жұбайлардың той шеруі өтті. Сән-салтанат құрып тізілген машиналарды көргенде атам өз ренішін білдірді.

- Дәстүрдің озығы мен тозығы бар деген осы екен дә, бұл не деген асқандық енді, - деп басын шайқады. «Сенің ойың қандай?» дегендей маған көз астымен бір қарады. «Бұл тақырыпты ойламаппын» дегендей бір иығымды көтеріп, жымысып қойдым.

Алдымыздан бір тележка бақшаға себетін дәрі тиеген трактор кезікті, айналып оздық. Бұл кезде де атам жүзінен ренішті байқадым. Басын шайқап-шайқап: - Осы у-ды сатып алғанша, жерді тыңайтудың қарапайым тәсілін неге қолданбайды бұл жұрт, - деп қынжылды.

- Әй, 2-3 жыл жоңышқа немесе кәдімгі ноқат егіп, содан соң егін сал жерге, жер-ана ақыңды жесе, маған кел, - деп атам бұлқан-талқан болып отыр рөлде. Мұның бәрі маған ескерту екенін түсініп отырмын, әрине.

Ия, атам – осындай, ел қамын, саулығын ойлап жүретін адам.

Келестен өтетін үлкен көпір де жап-жаңа. Ауыл көшелеріне де асфальт төселген. Әр үйге тартылған газ құбырлары да ауылға сән беріп тұр.

Ауылға кіре беріс күре жолдың оң қапталында жаңа зәулім мектеп тұр. Біздің мектеп. Мектеп алаңы қызыл гүлдермен көмкерілген.

Жаңа оқу жылына дап-дайын мектебімнің төбесінде Көк Туым баяу тербеледі. Тәуелсіз елімнің Көк Туы көңілімді жадыратып-ақ жіберді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елікбай Салтанат

6 «А» сынып оқушысы

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектеп

мемлекеттік мекемесінің

Тәуелсіздік – тұғырым!

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Ана құрсағынан шыр етіп дүние есігін ашып, кіндік қаным тамған жерім, менің елім – Қазақстан! Туған жері әр адамға ыстық, алыс кетсең сағынып, келсең мауқыңды басар, жүрегінді елжіретер бір керемет қасиеті бар. Тәуелсіз Қазақстанымның өз тарихы ерекше. 1991 жылы 16 желтоқсанда күні көк туымыз желбіреп, тәуелсіздігін алып, исіқазақ көз жастарын ақ орамалмен сүртіп қуанышты күнді қарсы алды.

Тәуелсіздік! Осы бір қасиетті сөзді естігенде қалайша тебіренбейсің! Бодандықтың бұғауынан, қыспағынан құтылған қазақ халқы еркіндік, азаттық ауасымен тыныстауда. Қанымызда бар ұлттық қасиеттеріміз қалпына келуде.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ арманы мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші – ең қадірлі күш.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Бүгін Қазақстан әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері, халқы бай ел.

Міне содан бері 25 жыл болды, яғни ширек ғасыр өтті. Тәуелсіздіктің көк туы желбіреп, қазақ халқы қырандай самғап, еркіндікте өз елін, өз жерім деп мақтанып шаттануда. Әрине ол рас, бұл біздің кемеңгер елбасымыз Нұрсұлтан атамыздың арқасы емес пе? Мен жаста болсам оны әбден түсінемін. Менің елім басқа елдермен терезесі теңесіп қалыспай қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет. Мен сол еліммен бірге жасап қарыштап алға баса беремін. Мен еліммен бірге мәңгі жасаймын. Қазақ елінің тәуелсіздігін алуы үшін менің ата-бабам аянбай қасық қаны қалғанша күресті, сонымен қатар желтоқсан көтерілісінің құрбандары осы қазақ елінің тәуелсіздігі үшін бар күшін салып жанын құрбан етті емеспе? Сол себепті қазақелі мәңгі жасауы тиіс. Қазақ елінің төрінде Елтаңбасы ілініп, көгінде көк туымыз желбіреп, кең далада әнұранышарықтап ойнағанда менің елімнен басқа бақытты ел барма? - деп басымды тік көтеріп маңғаздана

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

болашаққа нық басамын. Қазақстанның әрбір азаматы осылай мақтануы тиіс. Себебі менің елім Тәуелсіз және ынтымағы жарасқан Нұр атамның Нұрлы жолына аяғын адаспай анық басқан ел. Жиырма бес жылдық бізге тек бақыт пен ырыс алып келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Еуразияның кіндігі қасиет қонған Астана гүлденіп жайнай берсін. Қазақ елі мәңгі жасасын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жұман Айдана

ОҚО Бәйдібек ауданы Шаян ауылы
«М.Әуезов атындағы жалпы орта мектеп»МҚМ
10 «а» сынып оқушысы
Жетекші: Көрпебай Бейсенкүл

Ұлы дала елінің-еңселі егемендігі

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше
өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих
беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа
мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге
келуінің азапты толғаққа толы, сонымен
бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған
жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең
қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды,
сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей
беретініне сенемін.» (Н.Назарбаев)

Жоспар:

I.Кіріспе

а. Ұлы далам- ұлан ғайыр мекенім

II.Негізгі бөлім

а. Жаңа ғасырға аяқ басқан жаңа Қазақстан.

ә. Тарих беттерін парақтасақ...

б. Ұмтылмайды Желтоқсанның ызғары.

в. Менің бар бақытым-қасиетті Отаным.

III.Қорытынды

а.Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке.

Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды, тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милленаристік қозғалыстарды бастапты. Сарыуайымшылдар қауымы: «Киелі кітапта айтылатын қиямет-қайым деген орнаса, осы жолы орнайды. Жасаған күнәміз, істеген жаман істеріміз шашымыздан да асып кетті. Ол үшін күллі адамзат болып жауап беретін кезіміз енді келді», – деп қорқыпты. Қиялшылдар қауымы: «Жаратқанның жердегі, ақ желкенді кемемен жақсылық жағасына асыққан үмбетін тегіс жарылқайтын заманы енді орнайды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнауын талай күтсек, енді сол заманға аяқ бастық», – деп қуаныпты. Сөйткен жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық келді. Сол ғасырдың қызығын көріп өмір сүріп жатқан

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

біз бір пендеміз. Сәуегейлер қанша құйқылжытқанмен, әзір бәрі бәз-баяғысынша. Таң орынынан атып тұр. Күн орынынан батып тұр. Қиямет-қайым болған жоқ. Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз. Тәңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір Тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты. Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден–ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы - Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсындар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, - деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғағаны сөзсіз. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» - деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді. Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды... Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқндап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екі сөзсіз.

Айдын шалқар, күміс сулы бұлағым,
Жасыл –желек ат көрінбес құрағым.
Мыңғырған мал даласында жайылған,
Бабалардың болған сондай тұрағы.
Бұхар, Қоқан бұл байлыққа қызықты,
Орыс патша арам ойлы бұзықты.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қорған салып, жерін алып, қуса өзін,
Сонда көрген сорлы Қазақ шыжықты.
Қазақта жер қалмады патша алмаған,
Елін, жерін, малын тегіс жалмаған.
«Қойға тиген қасқырдай» боп қазақтың,
Отаршылдық қыр соңынан қалмаған...

Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді. ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. ХХ ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату. Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды... Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз? - деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты... Алашорда

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

партичсына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды... Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады... Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

... 32-33-тің ашаршылығы қолдан жасалды.

... 36-37-нің қырғыны әдейі істелді.

1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі - көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана. Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді. «Мен үшін Отаным адал солдат болудан артық бақыт жоқ», - деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-45ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды.

Осыншама нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан Қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел Қазақ көрген азапты көрген жоқ. Аяулы Отаным — Қазақстан – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасақ, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз. Қазақстан ядролық инфрақұрылымнан құтылуды әлемге айғақ еткен, әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан, еліме тәуелсіздіктің туын желбіреткен елбасы Нұрсұлтан ағамызға алғысымыз ұшан-теңіз. Атом сынағынан аман өттік, бұл заманға да жеттік. Аяулы Отаным — Қазақстан жерін бабаларымыз ерлікпен қорғап бізге қалдырған, кейінгі ұрпағыма «Асыл мұрам, ал балам» деп айту үшін, бізге тұтас уланбай, жоғалмай, өртенбей, сынбай-жанбай, ауыр азап, қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткізген екен. Халқымыз сол заманнан бері-ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғанын көріп отырмыз. Әрбір адам баласын тіршілік етіп, өзін-өзі асырап отырғаны, ұрпағын қалдырып, дамып жатқаны осы Отанның арқасында. Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып кіндік кескен жеріне деген ыстық

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Мәселен, М. Әуезов «Отан –анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», дейді. Ал, В.А.Сухомлинский: «Отан — өз бесігің, өз үйің, өз бесігіңді ұмытпа», - дейді. (4,254 б). К.Г. Паустовский: «Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз да өмір сүре алмайды.», — дейді. И.С. Тургенев: «Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы — туған жер», — дейді. (5, 489б). Ал, Ж.Ж. Руссо: «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған», - дейді. Ф.М. Достоевский: «Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ», — дейді. (6, 101б). Л.Н. Толстой: «Отан халықтың өткені мен бүгіні және келешегі», - дейді. (3, 287б). Осындай небір ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берері сөзсіз. Қаны қандас, тілі тілдес, дініміз де тіліміз де бірдей бауырлас аға мыз Расул Гамзатов өзінің әкесінде Шамильдей ерлерінің бір хатының сақталғанын айтады. Онда былай деген екен: «Менің таулықтарым! Өздеріңнің жалаң жабайы жартастарыңды сүйіндер, оны сақтаңдар, ол үшін күресіңдер. Сендердің қылыштарыңның шыңылы менің бейіттегі ұйқымды тәтті қылар». Ал, Отансүйгіштік туралы айтылған ақын тебіреністері де бірінен-бірі асып түседі.

«Отанның намысы үшін оттан қашпа,
Шын сүйсең мақсатыңнан қия баспа.
Тайсалма бар Отанның құрбаны бол,
Өмірің орынсыз боп кетпес босқа».
О, дариға, алтын бесік — туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр
Отан!

Қайсар ар-намысым, жайсаң іңкәр шапғым
Перзентке жүктеген қорғанысын,
Сен намыстың ну қалың орманысың.
Сол үшін шыңнан заңғар атағың
Тұлғасына табындырған,
Алыс жүрсем сабылтып, сағындырған,
Менің ұлы әкем сенсің, Отаным! – деп Мұхтар Шаханов жырлаған.

Қайсар ар-намысты аға ұрпақ кеңес үкіметі жылдарында, атап айтқанда, 1929-1931 жылдары, Қазақстанды күштеп ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам көтерілістер мен әртүрлі деңгей мен көлемдегі қарулы қарсылықтар ұйымдастырды, ал, 1917 жылғы Қазан революциясына дейін халқымыз отарлық езгіге қарсы 400-ден астам көтерілістерге шығып, наразылықтар көрсетті. Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды. Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

1986 жылғы желтоқсанда елде жария етілген қайта құрудың 20-шы айы өтіп жатқан-ды. Құқықтық мемлекет құрамыз дегенге сеніп, Горбачевтік «сәуір тезистерінің» тың идеяларымен жігерленген Қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өктемдігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп алаңға шықты. Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде Қазақ жастарының ұлттық намысн ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық әрекеттерге, фашистік қатыгездік қадамдарға да көз жұма барды. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Кремльден кесепатты бұйрықтың пәрмені солай аласапыран құбылды. Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Белгілі ән-өлеңінде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды ондырып, көңілде мұңды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы – халқымыздың ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғышарттарын дайындауға қызмет етті. Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті жас азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудемсоқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеурінді қарсылықтың болуы тиіс емес деп есптейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз Қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине, бұл оп-оңай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз? Орталық партия комитетіндегілер Қазақ жастарының Респубика алаңына шығуын нашақорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ушықтырып, күш қолданғандықтарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тент ектік әрекетке балауы көрсоқырлық еді. Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды. Оған көзі жеткен кеңес одағының тізгінін ұстаған серкелер «қазақ ұлтшылдығы» деген КОКП шығарған қаулының, яғни, Қазақ халқына жабылған жаланың күшін жоюға мәжбүр болғаны белгілі. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?!

**Үш Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдер қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Заман райы солай болды. 1991-жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін дауыстап айтуға мұршамыз келеді. Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр- ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.

Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы! – деп ақын жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991- жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл дата ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты баға сымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік - халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

«Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» - деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның ешкімге нақақ қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иісі бар. Демек, біз — жасампаз халықпыз.

Отан, Отан бәрінен биік екен,
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен! - деп өткен ғасырда жүрегінен сыздай жырлаған жырлаған ақын сөздері бүгінгі ұрпақтың санасында өшпестей жаңғырып тұрады: қасиетті Отан ұғымы – қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, тіпті отаршылдықтың тар қапасында тұншығып жатқанда да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да, және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де — әрқашан да бәрінен де биік тұрады. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды еткей! Енді асқақ Отан деген ұғымға кең құлаш жайып бір тоқталып кетейінші.

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды... Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмамыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған. Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай- ақ біледі. Дегенмен, жер бедерінде, негізінен, жазық далалы, шөлді және шөлейт аймақтар басым. Олардың арасында Сарыарқа мен Үстірт, Тұран ойпаты мен Батыс Сібір ойпаты, Мойынқұм мен Бетпақдала ұлы өңірлері бар. Таулы аймақтар республиканың оннан бір бөлігін алып жатыр. Оларға Алтай, Жоңғар

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Алатауы және Тянь-Шань тау жоталары кіреді. Ірі өзендер: Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының түкпірінде орналасқан. Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте, оңтүстік-батыста Орта Азия республикалары Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығыста және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы – 13034км. Қазақстан аумағының көлемі – 2 млн. 714,9 мың шаршы км. Оған Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері түгел сыйып кетер еді. Міне, Қазақ даласы – кең байтақ! Қазақстан жер көлемі жөнінен Ресей, Қытай, АҚШ, Австралия мен Үндістаннан кейін алтыншы орын алады. Сондығынан ғой, күмбір – күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда – «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік», - деп толғаған. Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей. Еңбеккері мандай терін тамшылата төгіп жатса, сыршыл ақыны:

Боз жорға, боз інгенді, боз торғайлы,

Боз дала, ием саған, боз басымды! – деп жүрек лүпілімен суарылған ақ қанатты жырына қосады. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге бастады, ғажайып жаңалықтар ашты. Соның куәсі – адам көкзеңгір ғарышқа қадам басты, айға қонды, жұмыр жерді аялай айналып ұшты. Ал ғарышқа жол – Байқоңырдан от алғанын мақтан етпейтін кім бар? Ғарышқа қадам жасаған елдер қатарында біздің еліміздің де еңсесі биік, жалауы жоғары. Ғарышта елдің намысын мәртебелеп мерейін асырған, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев егеменді елдің ғарышкерлері. Сондықтан ғой қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды. «Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» - деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс күймейсің», - дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата- бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар. Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған. Батырлар жырындағы:

Атам күйеу болған жер,

Анам келін болған жер,

Кіндік қаным тамған жер, - деген қарапайым жолдарда адамның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең де ыстық сезімі тамаша бейнеленген. Қазақ батыр халық, ержүрек халық, намысшыл халық. Ел

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

басына қиын – қыстау күн туғанда ерлері намыс отын жағып, туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих куә, кешегі сұрапыл заман куә. ХХ ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін, сұлулық пен парасаттың салтанат құруы үшін, жаппай келісімі жарасқан прогрессивті адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты. Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Бүгінгі Қазақстан — өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікіріне әлем саясаткерлері ықылас қоятын болды. Егемендік алған жылдар ішінде өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды. Елдің ішкі экономикалық жүйесі түбірімен өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар елге айналды.

Жиырма бес жыл ішінде Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін-өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын Қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз. Қаншама рет туы тігіліп, қаншама рет туы қайта қисайған, қаншама мемлекеттің құрамында болып, қаншама рет мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас Қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тәң барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды. Жыл сайынғы ел Президенттің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті. Саяси жүйені жетілдіруде құқықтық реформаның маңызды рөл атқарылатынын, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша құқық қорғау органдары функцияларындағы орын алған жағымсыз факт орлардан, сондай-ақ құқық қорғау жүйесі қызметіндегі мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындаған проблемалардан арылудың қажеттігін атап көрсетті. Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берді, олар – құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, құқық қорғау жүйесінің қызметінде ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға ауыстыру. Парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету, құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру. Сондай-ақ, қазіргі күнде жүзеге асырылып отырған қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың сотқа берілуі азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуының кепілі болып, сот жүйесінде қолдануда жақсы қорытындыларын көрсетуде. Жолдауда айтылған бағыттарды жүзеге асыру сот жүйесіне деген халықтың сенімін арттыру біздің міндетіміз. Жиырма жылдық бізге тек бақыт пен ырыс алып келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Еуразияның кіндігі қасиет қонған Астана гүлденіп жайнай берсін. Тамырын тереңге жайған тарихыма

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғиығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, "Біз кімбіз?", "Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?", "Қай жерді мекен еттік?", "Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?". Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз қазақпыз!

Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда, яғни, 1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей сұлтан Моғолстан жеріне Шу бойы мен Қозыбасқа алғаш... Ең алғаш еркіндіктің ақ жалауын тіккен едік. Он бес отауды біріктірген қара шаңырағымыз 1991 жылы ыдырады. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы есті. Көңіл көк аспанындағы қасірет бұлты сейіліп, әнші бұлбұл шаттықтың әнін шырқады. О, өмірге жаңа сәби келді. Ол енді тәуелсіз елдің ұрпағы. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенде. Тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік етеді. Осы сәбидің күні ертеңгі тағдыры үшін боздақтарым жанын қиған. Асқақ арманға қол созып бүгінгі бейбіт уақытты көре алмай кеткен асылдар қаншама?! Ағы мен қарасы, жақсы мен жаманы, жасығы мен жасампазы егіз ұғым болған жаңа ғасырда сап алтындай баға жетпес байлығымыз ұлт құндылығын берік сақтауымыз керек.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қалдиса Айдана

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектеп
мемлекеттік мекемесі,
10-сынып оқушысы
Таңатар ауылы

Астана- мақтанышым менің

Қаламен басылады дала мұңы,
Әр даланың болады әр алыбы.
Бұл қала болар елге алып қала.
Бұл қала тарихымның жаңалығы.

Иә, шынында да бұл қала қазақ тарихындағы елеулі өзгеріс. Бұл қала ХХІ ғасырдағы тәуелсіз қазақ «Хандығының» ордасы.

Бұл қала Қазақстанның кешегі өткен сындарлы жылдардағы ауыртпалықтардың бәрін жеңе отырып, қазір қандай деңгейге жеткендігін айқындайтын күллі әлемге деген айғағы.

Соңғы жылдары Астана, Тәңірге тәуба көркейген үстіне көркейіп келеді. Бұл қозғалыс өз жалғасын таба берсе Астана әлемнің кез-келген сұлу қаласымен бәсекеге тұратындай дәрежеге жетері анық. Жалпы, бұл қала бізге кезіндегі Ақмола, Целиноград деген атаумен белгілі.

Астана астанаға айналмай тұрып Қазақстанның елордасы жеті жыл бойы Алматыболғандығы баршаға мәлім. Алайда Елбасымыз 1998 жылы елорданы Ақмолаға ауыстырып, оған «Астана» деген атау берді. Елбасымыздың осы әрекетінде үлкен саясат жатыр. Себебі орданы осынау ұлан-байтақ жеріміздің дәл ортасынан қою керектігі туды. Өйткені елорданың шетте тұрғаны бұл болашақта түрлі саяси қозғалыстарға апаруы ғажап емес. Яғни неғұрлым шекараға жақын жатса соғұрлым шектесіп жатқан елден мейлі ол сенімен тату көрші болғанда да сол көршіден болашақта неше түрлі әрекеттер күтуге болады. Біздің Алматыға шекаралас Оңтүстік –шығыстағы қысық көз көршілердің қандай әкі саясаткер екендігіне бүкіл қазақ тарихы куә!

Міне, елбасымыздың осыны ұғынғандығының өзі ерлік. Ол тәуелсіз Қазақстанды «өз-өзіне» келтіріп, 1998 жылы ел ордасын Сарыарқаның төсінен бір-ақ шығарды. Бұдан бірнеше жыл бұрынғы Астана Алматымен салыстыруға тұрмайтын қала еді. Ия, бұндай дәрежеге жетеді деп ешкім ойламаса керек, Астана тұрғындарының өзі Елбасыға деген жүрекжарды тілектерін айтып жатқандары...

Иә, шындығында бұл қаланың бұлайша гүлденуі тікелей Елбасының арқасы деп айтуға толық негіз бардай. Тіпті әр ғимараттың пішінін, жобасын

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

да өз қолымен сызған елбасының бұл ісіне танданбай қала алмайсың. Маған бұл қала елбасының перзентіндей болып көрінеді.

Ия, кәдімгі елбасының туған баласындай сияқты. Өзі осы жерді таңдады, өзі салдыртты. Қалай дегенде де бұл қала Н.Назарбаевтың тарихтағы қолтаңбасы.

Қазір әлем Қазақстанды Астанаға қарап таниды. Неге?! Себебі біздің Францияны Парижге қарап, Парижді Эйфелге қарап танығанымыздай, Қазақстанды әлем Астанаға, Астананы Бәйтерекке қарап таниды. Әлем тарапынан «Бейбітшілік қаласы» деген атауға ие болған бұл қаламыздың болашағы нұрлы.

Әсем елдің қос жағалауына орын тепкен қаланың географиялық орны қолайлы.

Құрылыс жұмыстары жылдан-жылға кең өріс ала түсуде. Астанадан бастау алған бұл гүлденушілік, алға қарай даму үдерісі болашақта басқа да қалалар да жалғасын табады деген үкілі үміт кеудеге ұялап та үлгерген.

Бүгінде Астана менің ғана емес күллі қазақтың мақтанышы. Алты Алаштың егемендігінің нышаны. Еркіндіктің ақ туы. Бұл қаланың тап өзінде тұрмасақ та барлығымыздың жүрегімізде сол қалаға деген нұрлы сезім, ыстық махаббат та оянған.

Сондықтан да менің көкейімде болашақта үлкен азамат болып, өз қаламыз Шымқаланы Астананың деңгейіне жеткізу жолында тікелей үлес қоса алмасам да, тел үлес қосушылардың кетігіне бір кірпіш боп қалансам деген ой-арман жатыр. Тіпті болмағанда жағдайдың өзінде де рухани жағынан дем берушісі болуға тырысам деймін. Бұл күнде мені асау армандары бар бір болашақ жетелеп келеді.

Сол асау арманымның ішінде еліме деген менің шынайы гүлзар махаббатым жатқандай.

Міне, Тәуелсіздігімізге 25 жыл! Тәуелсіздік тұғыры биіктей берсін Қазақ елі!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Құрманжан Шолпан

6-сынып оқушысы

Т. Қазақбаев атындағы жалпы орта мектеп

мемлекеттік мекемесі

ОҚО, Бәйдібек ауданы, Танатар ауылы

Тәуелсіздігіміз баянды болсын

Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін. Тамырын тереңге жайған тарихына көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғыығына батырып, көкейге талай сұрақтардың келетіні рас. Мысалы: «Біз кіміз?», «Жер бетіне қашан пайда болдық?» деген сияқты сұрақтар келеді.

Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз Қазақпыз! 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң қабылданды. Биыл біздің тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толып отыр. Бұл Қазақстан халқы үшін ұлы күн. Бұл барлық еңбекқорлықтың, халықтар достығының нәтижесі. Қазіргі Қазақстан - егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет. Мен Қазақстанның жетістіктері алда екеніне сенемін. Біз Қазақстанды көркейту үшін ең алдымен ауылдарға демеу жасап, жемқорлықты жою керек деп ойлаймыз. Біздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев - дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл азамат.

Біздің ата Заңымыз – негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда да өзге елдер сияқты өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендіктің, бостандықтың, тәуелсіздіктің нышаны болып саналады. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз - Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Ал Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматшалары ең алдымен мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанын қорғау керек. Себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз Қазақстан қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы.

Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекшеленеді. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгілде еліміз көптеген табыстарға қол жеткізді. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты, көреген саясаттың нәтижесі.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елбасымыз Тәуелсіздігіміздің 25 жыл толу қарсаңына орай сөйлеген сөзінде: «Бұл - Тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді» деп алдағы кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды. Біз, болашақ елдің отаншыл азаматтары, еліміздің Тәуелсіздігін баянды ету жолында талмай білім алып, қажымай еңбек етіп, Тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуы үшін аянбаймыз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мырзахан Елдар

10-сынып оқушысы

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектеп
ОҚО, Бәйдібек ауданы, Танатар ауылы

Тәуелсіздік – тірегім

Желбірей бер тәуелсіздік жалауы,
Жалындай бер азаттықтың алауы.
Самға, биік еркіндіктің құстары,
Сен едің ғой қазағымның қалауы.

Ия, тәуелсіз деген сөздің өзі қандай керемет! Біз, қазақ халқы бүгінгі таңда егеменді тәуелсіз мемлекетпіз. Біздің еркіндікке шыққанымызға биыл 25 жыл толды. Мен де өзімнің тәуелсіз ел төрінде тіршілік еткенімді мақтан тұтамын.

Осы уақытта басқа көрші елдер қызығарлықтай, ауыз толтырып айтарлықтай талай істер атқарылды. Бәріміз бірігіп елімізді қорғауға ұмтыламыз.

Ата – бабамыздың ежелден-ақ елдің еркіндігін аңсағанын, азаттықтың жолында жанын құрбан еткенін әрбір қазақтың білмеуі мүмкін емес.

1986-ның желтоқсанына тарих көші, яғни уақыт ағымы бойынша қарар болсақ, онда мынаны аңғарамыз. Қазақ халқы Ресей империясы құрамында болған екі жарым ғасырлық мерзімде биліктің түрлі зорлық-зомбылық шараларына қарсы араға ең көп дегенде 50-60 жыл уақыт салып көтеріліп отырған. Сырым Датұлы бастаған 1785-1797, Исатай Тайманұлы бастаған 1837-1846, Алаш зиялыларының 1905-1918, 1916 жылғы, ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары аралығындағы бас көтерулер соны айғақтайды. Ал осы қозғалыстардың қай-қайсысын алсаңыз да олардан ұлттық рухтың ешқашанда мұқалмас қайрат-жігерін танытатын үлгі-өнеге дерек-дәйектерді молынан кездестіресіз. 1986-ның желтоқсаны да – осы қатардағы бұлқыныс. Желтоқсан оқиғасын қазақ халқының тарихындағы ең басты ерлік деп бағаласақ та болады.

1986-1989 жылдарда Кеңес Өкіметінің құрамындағы Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы Г.В. Колбин басшылық жасаған болатын. Қазақтарға көп қысым жасалып, тым шеттен шығып кеткендіктен, қазақ жастары көтеріліске шықты. Әрбір қазақ жастары «Колбин орнынан босатылсын, бізге қазақ халқына, қазақ басшы қажет және біз өз алдымызға жеке ел, Қазақстан Республикасы боламыз» деген ұран тастап қазақ халқын Кеңес Өкіметіне қарсы ашық көтеріліске шақырды. Елі үшін, жері үшін

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жанын құрбандыққа шалған ағаларымыз бен әпкелеріміз бізге тәуелсіздік туын тігіп, кеткен еді. КСРО-ның бәрібір күйрейтініне көзі жеткен

М.С.Горбачев оны таратып жібереді. Он бес Одақтас мемлекет өз алдына жеке он бес елге айналды...

Ақыры біз 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы болып жарияландық.

Президентіміз ұлты қазақ Н.Ә.Назарбаев болып сайланды...

... Міне, қарап отырсақ Тәуелсіздік бізге оңай келмеген екен. Бұл 20 ғасыр бойы көрсеткен ерлігіміздің жемісі. Бабаларымыз бізге азаттықты найзаның ұшымен, білектің күшімен алып берді.

Біз ата-бабамыздың аманатын мәңгілікке сақтауға тиіспіз. Келешекте Қазақстанды дамыған елге айналдыруға бар ынта, күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан Республикасы күннен-күнге адам танымастай өзгерді. Әсіресе қазіргі таңда елордамыз Астана қаласы көркейген үстіне көркейе түсуде. Мұның барлығы қазақ басшысы Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған бағытына байланысты деп білемін. Бізде тәуелсіздікті нығайтуға аянбай еңбек етеміз. Қазіргі таңда қазақ деген ел барын бүкіл әлем біледі. Тәуелсіздігімізді алғаш рет Туркия мемлекеті мойындады. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан республикасы БҰҰ-ға мүше болды, сол кезден бастап тәуелсіз Қазақстанды бүкіл әлем байқады. Қазақстанды спорт жағынан да, өнер, мәдениет, білім жағынан да дүние жүзіне әйгілі еткен тұлғаларды мақтан тұтамыз.

Қазақ халқының алдағы үміттенген арманы шексіз, таусылмас кәусар бұлақтай, биік таудың шығар биігіндей, ынтымағы мол, білекпен тіркескен ұлы байтақ даланың аманаты мына біз – жас ұрпақтар!

Сондықтан, Елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек етуге, тілім мен дінімді сақтауға, ата-бабамнан қалған аманат туған жерді, жерімді қорғауға, сүюге аянбай еңбек етемін дей келе мына өлең жолдарын өзіне арнасам деймін.

Талай жылдар бодандықта болған ел,
Тілі, діні көктей болып солған ел.
Енді міне тәуелсіздік таңы атып,
Босады ғой тар қапастан тордан ел.
Тәуелсіздікті аңсаған мен ұланың,
Тәуелсіздікті нығайту болар ұраным.
Білім алып, еңбек етем еліме,
Отаныма арналады жыр-әнім.
Күн астында гүлдендірем жерімді,
Еркіндіктің қалықтатам қыранын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сапарбек Жанерке

8-сынып оқушысы

ОҚО Қазығұрт ауданы

Үшбұлақ елді мекені

Жетекші: Тойлыбаева Гүлжамила Керімбайқызы

e-mail: k.omiraliyev@mail.ru

Желтоқсан жаңғырығы

...1985 жылдың жазы еді. Мектеп бітіру емтихандарын ойдағыдай тапсырдым. Ол кезде қай мамандық таңдасаң да мектепте негізгі пәннің бәрінен мемлекеттік бітіру емтиханын тапсырасың, жоғарғы оқу орнында қалаған мамандығыңа байланысты тағы да емтихан болушы еді. 10 жылдық білім туралы аттестатымда 3 болмағаны есімде, институтқа түсу үшін шығарма тақырыбы Ақан сері Қорамсаұлы жайлы болғаны есімде. Емтихандардан құламасаң, яғни 2 алмасаң конкурсқа түсетінсің. Конкурс дегеніміз емтихан мен аттестат бағасының қосындысы болушы еді.

Студент атанған студенттер тізімі университет алдындағы тақтайшаға ілінетін. КАЗГУ-дің зоовет факультетіне түскенімді мен сондай тақтайшадағы атымды көргенде білдім, қатты қуандым. Ол кезде ақылы оқу жоқ, барлық студент тегін оқиды.

Студент атанып, жатақханадан орын алып, оқу да басталып кетті. Алғашқы жылы ауылдан жаңа келген студенттік өмір қызық емес, нағыз азап сияқты көрінетін. Тырп етпей қалғып -мүлгіп 4 жұп сабақ өтеміз, университет асханасының 1 стакан компоты, 1 бөлішкесі бір сіміргенде 1 кесе айранды бір-ақ көтеретін біздің жұмырымызға жұқ болмайтын. Жоғары курс жігіттерінің жатақханада қыздардың пісіріп қойған тамағын қазанымен көтеріп ала қашатыны, бөлмелерін іштен құлыптап, үндемей отырып ішіп алатыны қызық болушы еді.

Екінші курста енді бірте-бірте қала-қала шалбар киіп, шашты желкеге түсіре өсіріп, қыздарға әзілдей сөйлеп дегендей, студенттік өмірдің қызығы бастала түскендей еді.

КАЗГУ-дің зооветі мен тарих факультетінің студенттері бір жатақханада болушы еді.

Қысқы семестрге дайындық кезі еді. 4 пәннен емтихан 4 пәннен сынақ тапсыру керек, жанталасып оқу залынан шықпаймыз. Шәкіртақыдан қағылғымыз келмейді. 15 желтоқсан күні көрші, тарихтың 3 курс студенттерінің бөлмесіне бірталай жігіттер жиналып жатты. Шақырып жатыр деген соң келдім. Негізі, мені жоғарғы курс жігіттері, гитарада әжептеуір ойнағандықтан болса керек, өз орталарына тартушы еді. 4 курста оқитын Бақтыгерей деген жігіт болушы еді. Келіскен, оқу озаты, студенттер кеңесін басқаратын, сол жігіт кереуетінде қасындағы Сәлімжан деген жігітке:

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

- Жігіттерді ұйымдастыру керек, бұл жай қарап отыратын мәселе емес. Ұлт намысы деген қайда? Қазақтан бір ұл тумап па, қазақты басқаратын. Димаш атамыздың не жазығы бар екен, бір күнде орнынан алатын. Осы мәселелер бойынша ертең жастар көшеге шықпақ, - деп отыр екен. Шақырылған жігіттер түгел жиналған соң, Бақтыгерей Москвада КПСС Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумы болып, Колбин деген орыс ұлтының өкілі Қазақстан КПСС Орталық Комитетінің председателі болып тағайындалғанын хабарлады.

«Бұл мәселеге қазақтың жүрегінде оты бар, намысты жігіттері қарсы» дегенді қадап айтты.

Ертесіне яғни 16 желтоқсан күні сабаққа келдік. 1-жұп «КПСС тарихы» еді. Біз күндегідей емес, біртүрлі томаға тұйықпыз. Мұғаліміміз күндегідей «Түу, әтірлеріңнің иісі не деген ащы» деп күліп кірмеді. Үндемей кірді, біраз уақыт терезеден сыртқа көз салып отырды да, бізге барлай қарады. Біз тым-тырыспыз. «Не айтар екен?»...

- Ия, сонымен, балалар, «Бүгінгі тақырыбымыз Лениннің «Не істеу керек?» атты еңбегі - дей бергені сол еді, барлық студент: «Түһ» дегендей гу ете қалсын. Мұғалім үндемей қағазына қарап отырып қалды, сонан соң:

- Күш қара қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ, -деп сыртқа шығып кетті. Осылай отырғанда бір жігіт келіп, есіктен: «Асқар, шығып кет» деді маған. Шықтым, сонымен группадағы жігіттерді бастап алаңға бет алдық. Есіктен шыға бергенде темекі иісі шығып тұрған (бұрын мұндайын сезбейтінбіз) мұғаліміміз қарсы жолықты. «Қайда барасындар?» демеді.

Алматының бар студенті жан-жақтан ағылып алаңға келуде.

«Қазақтан ұл тумап па, ел басқаратын!», «Долой Колбина» деген ұранды айқай ұлттық намысымызды қоздырып, біз де айғайға бастық. Қайдан ойыма келгенін қайдам «Менің Қазақстанымды» бар даусыммен айта бастадым. Бүкіл студент қосыла кетті. Желтоқсанның ызғарлы күнін мына үн тілгілеп-тілгілеп жатты.

Осылай түс ауып, күн жарымынан асты. Бейбіт шеруде зиялы азаматтардың микрофонмен айтып жатқан әділ де азаматтық сөздері қай қазақтың да намысын қоздырып, жігерін жанитын.

«Мына жұрт не деп жүр» деген бір жан жоқ. Бір кезде кәдімгі әскери машиналар, ит жетектеген, мұздай қаруланған солдаттар, нелер жаман сөздерді қардай боратқан милиция топты жарып кірді. Қолдарындағы дубинкаларымен сатыр-сұтыр ұруда, құлағандарды сүйреп автобустарға тиеп жатты. Аяқ асты тайғақ, желке тұсымнан тиген соққыдан етпеттей құладым. Лып еткізіп екі солдат автобусқа әкеп тоғытты. Қайтып түсу қайда, есікте күзет. Сонымен қан жоса студенттер, шыңғырған қыздар, кейбірі тіпті есін білмей қалған. Бәрімізді тиеген автобус қала сыртына қарай бет алды. Қыстың аязды, шымырық бір тұтам күні түнеріп, тұманданып батып бара

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жатты. Жаурағанымызды енді сезе бастадық. Бірте-бірте терезеге аяз қатып, дым көрінбей қалды.

Автобус зорға жылжып, ыңылдап бір кезде тоқтады. 3 сағат шамасы жүрдік. Есіктегі қарауыл 2 солдат «Слезать» деп ақырды. Бізден сескеді-ау автоматтан көкке қарай 2-3 дүркін оқ атты. Түгел түстік. Автобус әзер бұрылып келген ізімен қайтты. Біз есеңгіреп біраз тұрдық. Дала тастай қараңғы Шығыс жақты алауландырып, толған ай көтеріліп келе жатты.

- Кәне, жастар алға, тек жүгірейік әйтпесе қатып өлу түк емес, - деп қала жарығына қарай жүгіруді бастадым. Жүгіру деген аты, зорға ілбіп келеміз, күрт-күрт қарға аяғымыз тізеден кіріп кетеді. Ол күнгі қиындық әлі күнге есімнен кетпейді.

Арадан апта, ай өтті. Оқудан қуылдым. Елге келгенде де жұрт маған бір түрлі бұзақыға қарағандай қарады. Көзі ашық, зиялы қауым бізді 4-5 жыл дегенде ақтап алды ғой, - деп нағашым әңгімесін аяқтады.

Бижансайда нағашымның жекеменшік қорасы. Байлауда қанша мал тұр. Ақ халат киген сауыншы келіншектер сауынды бітіріп, үйлеріне қарай бет алды. Мұндағы бейбіт, еркін елдің еңбегі - Тәуелсіздік жемісі. Мұздай қара Джип мінген нағашым аудан орталығына қарай келеді...

Қорадан тыс жерде үйір-үйір жылқы. Сауын биелердің құлындарын анасының мойын жібіне қосарлап қойыпты.

-Е-е нағашым қымыз өндіруді де қолға алған екен ғой,- дедім ішімнен.

Көлікте келе жатып, әлгі әңгіме әсерінен шыға алмадым.

- Нағашы, Бақтыгерей оқуын бітіре алды ма? - деп сұрадым.

- Қайдан, ол, Санжар сынды жігіттер түрмеге жабылды ғой, тіпті Қазығұрттан тағы да бір жігіт, аты Әбдіәшім еді, қай институт екені есімде жоқ, әйтеуір өнер факультетінде оқитын. Керемет ән айтатын. Ол да оқудан қуылды. Араласып тұрушы ек, тосын жағдайдан қайтыс болды, - деді нағашым. Терезеден далаға қарап отырмын.

Қайсар рухты бабамнан,
Мұра болған бұл далам.
Тәуелсіз еркін елімде,
Ерке өскен мен балаң, - деген сияқты өлең жолдары
өрілетіндей.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сиязбек Айғаным

9 «а» сынып оқушысы

«М.Әуезов атындағы жалпы орта мектеп» МКМ

ОҚО Бәйдібек ауданы Шаян ауылы

Жетекші: Арынбекова Айгүл

Уақыт қарқына зымыран Тәуелсіздікке 25 жыл

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін». (Н.Назарбаев)

Жоспар:

Кіріспе

Жаңа ғасырға аяқ басқан жаңа Қазақстан.

Негізгі бөлім

1.Тарих беттерін парақтасақ...

2.Ұмтылмайды Желтоқсанның ызғары.

3.Менің бар бақытым-қасиетті Отаным.

Қорытынды

Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке.

Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды,тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милленаристік қозғалыстарды бастапты. Сарыуайымшылдар қауымы: «Киелі кітапта айтылатын қиямет-қайым деген орнаса, осы жолы орнайды. Жасаған күнәміз,істеген жаман істеріміз шашымыздан да асып кетті. Ол үшін күллі адамзат болып жауап беретін кезіміз енді келді», – деп қорқыпты. Қиялшылдар қауымы: «Жаратқанның жердегі,ақ желкенді кемемен жақсылық жағасына асыққан үмбетін тегіс жарылқайтын заманы енді орнайды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнауын талай күтсек, енді сол заманға аяқ бастық», – деп қуаныпты.

Сөйткен жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық келді.Сол ғасырдың қызығын көріп өмір сүріп жатқан біз бір пендеміз.Сәуегейлер қанша құйқылжытқанмен, әзір бәрі бәз-баяғысынша. Таң орынынан атып тұр. Күн орынынан батып тұр. Қиямет-қайым болған жоқ.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз.

Тәңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір Тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты.

Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы — Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсындар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, — деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғағаны сөзсіз. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды... Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық –бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқндап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екні сөзсіз.

Айдын шалқар, күміс сулы бұлағым,
Жасыл –желек ат көрінбес құрағым.
Мыңғырған мал даласында жайылған,
Бабалардың болған сондай тұрағы.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бұхар, Қоқан бұл байлыққа қызықты,
Орыс патша арам ойлы бұзықты.
Қорған салып, жерін алып, қуса өзін,
Сонда көрген сорлы Қазақ шыжықты.
Қазақта жер қалмады патша алмаған,
Елін, жерін, малын тегіс жалмаған.
«Қойға тиген қасқырдай» боп қазақтың,
Отаршылдық қыр соңынан қалмаған...

Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді. ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. ХХ ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды...

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?- деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты... Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды... Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көріністі сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады... Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

... 32-33-тің ашаршылығы қолдан жасалды.

... 36-37-нің қырғыны әдейі істелді.

1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі — көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана. Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді.

«Мен үшін Отаным адал солдат болудан артық бақыт жоқ», — деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-45 –ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды.

Осыншама нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан Қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. ХХ ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел Қазақ көрген азапты көрген жоқ. Аяулы Отаным — Қазақстан – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасақ, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз. Қазақстан ядролық инфрақұрылымнан құтылуды әлемге айғақ еткен, әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан, еліме тәуелсіздіктің туын желбіреткен елбасы Нұрсұлтан ағамызға алғысымыз ұшан-теңіз. Атом сынағынан аман өттік, бұл заманға да жеттік. Аяулы Отаным — Қазақстан жерін бабаларымыз ерлікпен қорғап бізге қалдырған, кейінгі ұрпағыма «Асыл мұрам, ал балам» деп айту үшін, бізге тұтас уланбай, жоғалмай, өртенбей, сынбай-жанбай, ауыр азап, қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткізген екен. Халқымыз сол заманнан бері –ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғанын көріп отырмыз. Әрбір адам баласын тіршілік етіп, өзін-өзі асырап отырғаны, ұрпағын қалдырып, дамып жатқаны осы Отанның арқасында. Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Мәселен, М. Әуезов «Отан –анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», дейді. Ал, В.А.Сухомлинский: «Отан — өз бесігің, өз үйің, өз бесігіңді ұмытпа», - дейді. (4,254 б). К.Г. Паустовский: «Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз да өмір сүре алмайды.», — дейді. И.С. Тургенев: «Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы — туған жер», — дейді. (5, 489б). Ал, Ж.Ж. Руссо: «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған», - дейді. Ф.М. Достоевский: «Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ», — дейді. (6, 101б). Л.Н. Толстой: «Отан халықтың өткені мен бүгіні және келешегі», — дейді. (3, 287б). Осындай небір ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берері сөзсіз. Қаны қандас, тілі тілдес, дініміз де тіліміз де бірдей бауырлас аға мыз Расул Гамзатов өзінің әкесінде Шамильдей ерлерінің бір хатының сақталғанын айтады. Онда былай деген екен: «Менің таулықтарым! Өздеріңнің жалаң жабайы жартастарыңды сүйіндер, оны сақтаңдар, ол үшін күресіндер. Сендердің қылыштарыңның шыңылы менің бейіттегі ұйқымды тәтті қылар». Ал, Отансүйгіштік туралы айтылған ақын тебіреністері де бірінен-бірі асып түседі.

«Отанның намысы үшін оттан қашпа,
Шын сүйсең мақсатыңнан қия баспа.
Тайсалма бар Отанның құрбаны бол,
Өмірің орынсыз боп кетпес босқа».
О, дариға, алтын бесік — туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр

Отан!

Қайсар ар-намысым, жайсаң іңкәр шапғым
Перзентке жүктеген қорғанысын,
Сен намыстың ну қалың орманысың.
Сол үшін шыңнан заңғар атағың
Тұлғасына табындырған,
Алыс жүрсем сабылтып, сағындырған,
Менің ұлы әкем сенсің, Отаным!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

– деп Мұхтар Шаханов жырлаған. Қайсар ар-намысты аға ұрпақ кеңес үкіметі жылдарында, атап айтқанда, 1929-1931 жылдары, Қазақстанды күштеп ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам көтерілістер мен әртүрлі деңгей мен көлемдегі қарулы қарсылықтар ұйымдастырды, ал, 1917 жылғы Қазан революциясына дейін халқымыз отарлық езгіге қарсы 400-ден астам көтерілістерге шығып, наразылықтар көрсетті. Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды. Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

1986 жылғы желтоқсанда елде жария етілген қайта құрудың 20-шы айы өтіп жатқан-ды. Құқықтық мемлекет құрамыз дегенге сеніп, Горбачевтік «сәуір тезистерінің» тың идеяларымен жігерленген Қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өктемдігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп алаңға шықты. Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде Қазақ жастарының ұлттық намысн ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық әрекеттерге, фашистік қатыгездік қадамдарға да көз жұма барды. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Кремльден кесепатты бұйрықтың пәрмені солай аласапыран құбылды.

Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Белгілі ән-өлеңінде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды оңдырып, көңілде мұнды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы – халқымыздың ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғышарттарын дайындауға қызмет етті. Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті жас азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудемсоқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеурінді қарсылықтың болуы тиіс емес деп есптейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз Қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бұл оп-онай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз? Орталық партия комитетіндегілер Қазақ жастарының Республика алаңына шығуын нашакорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ушықтырып, күш қолданғандықтарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тент ектік әрекетке балауы көрсоқырлық еді. Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды. Оған көзі жеткен кеңес одағының тізгінін ұстаған серкелер «қазақ ұлтшылдығы» деген КОКП шығарған қаулының, яғни, Қазақ халқына жабылған жаланың күшін жоюға мәжбүр болғаны белгілі. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдер қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Заман райы солай болды. 1991-жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдынатәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін дауыстап айтуға мұршамыз келеді.

Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр - ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

– деп ақын жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991-жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл дата ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты баға сымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық. Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» - деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. (9,1 б). Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның ешкімге нақақ

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иісі бар. Демек, біз — жасампаз халықпыз.

Отан, Отан бәрінен биік екен,
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен!

- деп өткен ғасырда жүрегінен сыздай жырлаған жырлаған ақын сөздері бүгінгі ұрпақтың санасында өшпестей жаңғырып тұрады: қасиетті Отан ұғымы – қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, тіпті отаршылдықтың тар қапасында тұншығып жатқанда да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да, және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де - әрқашан да бәрінен де биік тұрады. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды еткей!

Енді асқақ Отан деген ұғымға кең құлаш жайып бір тоқталып кетейінші.

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған.

Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай-ақ біледі.

Дегенмен, жер бедерінде, негізінен, жазық далалы, шөлді және шөлейт аймақтар басым. Олардың арасында Сарыарқа мен Үстірт, Тұран ойпаты мен Батыс Сібір ойпаты, Мойынқұм мен Бетпақдала ұлы өңірлері бар. Таулы аймақтар республиканың оннан бір бөлігін алып жатыр. Оларға Алтай, Жоңғар Алатауы және Тянь-Шань тау жоталары кіреді. Ірі өзендер: Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының түкпірінде орналасқан. Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте, оңтүстік-батыста Орта Азия республикалары Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығыста және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы – 13034км. Қазақстан аумағының көлемі – 2 млн. 714,9 мың шаршы км. Оған Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері түгел сыйып кетер еді. Міне, Қазақ даласы – кең байтақ! Қазақстан жер көлемі жөнінен Ресей, Қытай, АҚШ, Австралия мен Үндістаннан кейін алтыншы орын алады. Сондығынан ғой, күмбір – күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда – «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік,» — деп толғаған. Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей. Еңбеккері маңдай терін тамшылата төгіп жатса, сыршыл ақыны:

Боз жорға, боз інгенді, боз торғайлы,
Боз дала, ием саған, боз басымды!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

– деп жүрек лүпілімен суарылған ақ қанатты жырына қосады. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге бастады, ғажайып жаңалықтар ашты. Соның куәсі – адам көкзеңгір ғарышқа қадам басты, айға қонды, жұмыр жерді аялай айналып ұшты. Ал ғарышқа жол – Байқоңырдан от алғанын мақтан етпейтін кім бар? Ғарышқа қадам жасаған елдер қатарында біздің еліміздің де еңсесі биік, жалауы жоғары. Ғарышта елдің намысын мәртебелеп мерейін асырған, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев егеменді елдің ғарышкерлері. Сондықтан ғой қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды. «Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» — деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс күймейсің», — дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар.

Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған. Батырлар жырындағы:

Атам күйеу болған жер,
Анам келін болған жер,
Кіндік қаным тамған жер,

- деген қарапайым жолдарда адамның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең де ыстық сезімі тамаша бейнеленген. Қазақ батыр халық, ержүрек халық, намысшыл халық. Ел басына қиын – қыстау күн туғанда ерлері намыс отын жағып, туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих куә, кешегі сұрапыл заман куә. ХХ ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін, сұлулық пен парасаттың салтанат құруы үшін, жаппай келісімі жарасқан прогрессивті адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты.

Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Бүгінгі Қазақстан — өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікіріне әлем саясаткерлері ықылас қоятын болды.

Егемендік алған жылдар ішінде өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды. Елдің ішкі экономикалық жүйесі түбірімен өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар елге айналды.

Он бес жыл ішінде Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін — өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын Қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз.

Қаншама рет туы тігіліп, қаншама рет туы қайта қисайған, қаншама мемлекеттің құрамында болып, қаншама рет мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас Қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде.

Тәуелсіздік — ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздіккүні — ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», — деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тәң барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

Жыл сайынғы ел Президенттің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті. Саяси жүйені жетілдіруде құқықтық реформаның маңызды рөл атқарылатынын, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша құқық қорғау органдары функцияларындағы орын алған жағымсыз факт орлардан, сондай-ақ құқық қорғау жүйесі қызметіндегі мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындаған проблемалардан арылудың қажеттігін атап көрсетті. Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берді, олар – құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, құқық қорғау жүйесінің қызметінде ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға ауыстыру. Парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету, құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру. Сондай-ақ, қазіргі күнде жүзеге асырылып отырған қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың сотқа берілуі азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуының кепілі болып, сот жүйесінде қолдануда жақсы қорытындыларын көрсетуде.

Жолдауда айтылған бағыттарды жүзеге асыру сот жүйесіне деген халықтың сенімін арттыру біздің міндетіміз. Жиырма жылдық бізге тек бақыт пен ырыс алып келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Еуразияның кіндігі қасиет қонған Астана гүлденіп жайнай берсін.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Түгелкелді Арайлым

б «а» сынып оқушысы

ОҚО Бәйдібек ауданы Шаян ауылы

«М.Әуезов атындағы жалпы орта мектеп»МҚМ

Жетекші: Садыбек Дина

Еңселі елден – мәңгілік елге

Ұшы қиырына көз ілеспес мына кең алқапта – желден жүйрік тұлпардың құлағында ойнаған, сұңқардай қос қанатын көкке еркін қалықтатқан азат елім – қазақ елінің мекен еткен көк жазира жайлауы. Көрсен көз тойғысыз табиғаты небір жанарды өзіне еліктірді десеңші?! Кенді шығысы мен солтүстігін Ресей империясы, шөбі шүйгін, Жетісуын жоңғар-қалмақ жұрты, шырайлы оңтүстігіне көз сүзген Қоқан хандығы көркем болмысты иемденбек болды.

Әбілқайыр иелігіндегі қазақ жерін Керей мен Жәнібек басқарып отырған. Тұтқиылдан жасалған шабуылдар халық мазасын алды. Керей мен Жәнібек бастаған, хан озбырлығына көнбеген 200 мың халық Шу мен Талас бойына қоныс аударды, сөйтіп 1465 жылдан бастап Қазақ хандығы құрылды. Билеушісі Керей хан болып сайланды. Сол айтулы күннен бастап Қазақ елі жеке бір хандық болып, тарих төрінен орын алды.

Қазақ хандығының пайда болу тарихын айтып кеттім. Әрине, хандық болғаннан кейін, хандық билікте болуы тиіс. Керей мен Жәнібек хандардан кейін қазақ еліне көп пайдасы тигізген хандардың бірі – Қасым хан. Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың толық билеушісіне айналды. Оның тұсында халқының саны 1 миллионға жетті. Абдаллах бен Мұхаммед бен Әли Насруллах: “Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың падишасы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған еді. Қасым ханның қисапсыз көп әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған”, - деп оны халқының бағына туған ерекше тұлға ретінде бағалайды. Қасым хан өзінің «Қасым ханның қасқа жолы» атты заңдар жинағын шығарған. Бір сөзбен айтқанда бұл заң – қазақ халқының елдік санасын негіздеуге шешуші қызмет атқарған ерекше құжат болған. Ол сол кездегі мұсылман елдерінде жаппай қолданып жүрген шарифат заңынан өзгеше қазақ өміріне үйлесімді заң болды. Қасым ханның өлімінен кейін Қазақ хандығында ұзаққа созылған дағдарыс басталып, қазақ елі шашыраңқы бола бастады.

Қазақ хандығының дүрбелең кезеңінде билікке келген Жәңгір ханның баласы Тәуке хан елдің күш-қуатын арттыру, хандықты нығайту үшін саяси реформа жасады. Қоғамдық-саяси өмірде бұл тәртіп «Жеті жарғыда» көрініс тапты. Тәуке хан Ресей және Жоңғария мемлекеттерімен тығыз дипломатиялық әрі сауда қатынастарын орнатты. А.И.Левшин «Қазақтардың

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

алтын ғасыры, ол әйгілі Тәуке хан билік құрған жылдар», бұл «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп атап көрсеткен. Тәуке ханның ел үшін сіңірген еңбегі мына қырынан ерекше көрінеді. Ол елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, сыртқы дұшпанға тойтарыс берді, елдің ішкі жағдайын реттеу үшін саяси-құқықтық тәртіпті күшейтіп, мемлекеттік Кеңес және билердің қызметін қолдады, елдің шаруашылық өміріне көңіл бөліп, қала мен даланың үйлесіп тіршілік жасауына ұйытқы болды. Тәуке ел билеген кезеңде сауда саттық өсіп, хандықтың қалалары нығая түсті.

Тәуке ханнан кейін Қазақ елінің өркеюіне себепкер болған - Абылай хан. Абылай өз заманының көреген, ақылды саясаткері, жаужүрек батыры, өткір ойлы, дарынды дипломаты болған. Абылай сынды ханның шебер дипломатиялық саясаты нәтижесінде XVIII ғасырдағы көшпелі этностардың ішінде қазақтар алдыңғы орынға шықты. Осы кезеңге Ш.Уәлиханов: «Абылайдың ғасыры – қазақтың ерлік ғасыры болып табылады» деген баға берді. Оның мемлекеттік қайраткерлігі, жеке басының ерлігі мен данышпандығы күрделі заманда айқын көрінді. Абылай қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдыруды мақсат етті. Өзінің ақылдылығымен, парасаттылығымен жүргізген ішкі және сыртқы саясаты барысында Қазақ хандығы қуатты, біртұтас мемлекетке айналды. Абылай ханның тұсында қазақтардың саны 3 миллионға жетті. Қазақ халқының рухы көтеріліп, мерейі үстем болды.

Әр жанға болашағына деген жарқын үміт сыйлар мерейлі жеңістермен қатар еліміздің басына қара бұлттай қарпыған сұм, әрі суық күндер де өзінің белгісін бере бастады. Сондай күндердің бірі еліміздің бодандық заманына енуі еді. Еліміздің еңсесін түсірер, жан түршігерлік қатулы заманда ел болып қалу, әлде құрдымға кету мәселелері аштық кезеңдерде, сұрапыл соғыс заматтарында әр көкейді толғандырғаны да анық. Алайда «елім, жерім, атамекенім», деген жастардың өзі де болашақ ұрпақтың алдындағы терең жауапкершілікті сезіне білді. Солардың бірі - Алашорда қайраткерлері.

Алаш зиялылары қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғады, оның мәдениеті мен тілін қайта түлетуді мақсат етті. Ол өз еңбектерінде алдыңғы қатарлы озық халықтардан қазақтардың қаншалықты артта қалып қойғанын көрсетіп, ұлтты «оянуға», қазіргі мәдениет пен білімді меңгеруге, ел тәуелсіздігі үшін күреске шақырды. Жалындаған жүректерден шыққан Отан мәселелері, толғаулары, сағыныштары әр азаматты бостандыққа жетеледі. Елінің егемендігі, тәуелсіздігі – олар үшін ең құнды асыл болды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады және ғасырлар бойы қоғажу көріп, ұмыт бола бастаған тілін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, тәуелсіздік туын биікке көтерді. Республика өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін мемлекет басшысын сайлау заңдылық. Осы мақсатпен 1991 жылы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық Президент сайлауы

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

өткізіліп, халықтың бірауыздан қолдауымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды.

Міне, қазір арадан небәрі 24 жыл өтсе де, жұртымыз сол кезеңдерден бері орасан зор белестерге жетуді армандады. Жұртымыз аман, еліміз тыныш, осынау күндер – ата-бабаларымыздың нағыз еңбектерінің жемісі, мәңгілік елдің негізі.

1997 жылы мемлекет Президентінің Қазақстан халқына “Қазақстан-2030” жолдауы жарияланды. Онда республиканың қазіргі жағдайына жан-жақты талдау жасалады, болашақ дамуы ашылып көрсетілді. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның бірігуі, жоғары деңгейдегі шетелдік инвестициялар бар дамыған нарықтық экономикаға негізделген өрлеу, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және игілігі, энергетикалық ресурстар, инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс сияқты “ұзақ мерзімді басымдылық мақсаттары” нақты айтылған. Бағдарламаның ерекшелігі – әрбір басымдық нақты және ерекше міндеттерді шеше отырып, жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Н.Ә. Назарбаев “Қазақстан – 2030” бағдарламасының табысты орындалуын қорытындылай келе, ел дамуының ұзақ мерзімге арналған жаңа “Мәңгілік ел – 2050” стратегиясын ұсынды. Бұл 2014 жылы 17 қаңтардан бері жүзеге асырылып келе жатқан, мемлекетімізді ілгері ұмтылдыратын жолдаулардың бірі. “Мәңгілік ел” жолдауында көрсетілгендей, біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттердің қатарына қосылумен қатар дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. “Бұл үшін елімізде барлық мүмкіндіктер: ресурстар, білімді адамдар, жұдырықтай ұлт бар” - деді өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті. Бүгіннің биігінен қарап, 24 жыл ішінде жеткен жетістіктерімізді сараласақ, Қазақстан-2030 стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, қалғандары орындалу үстінде. Ең бастысы – біз, егеменді ел болып, тәуелсіз, әлем елдері мойындаған мемлекетке айналдық, халықтар достығы мен саяси тұрақтылығы берік ел атандық.

Жолдаудың ең басты бір тармағы – “туған тіл” болып табылады. Тіл адамдардың өзара байланысқа түсуі үшін қажет құрал. Саяси мәселелер, әлемдік жағдаяттар мен жаһандық даулардың бәрі-бәрі осы тіл арқылы шешімін табады. Шетелде жүрген қазақ жерлесін түр әлпетінен емес, туған тілін естіген соң таниды. Дәл осы бабаларымыздан келе жатқан, сан ғасырлар ағынымен қазіргі таңға жеткен ұлы қазақ тілі – күллі алаштың аса бағалы, мақтан тұтар байлығы. Тұғыры биік, талғамы жоғары Ұлы дала ұрпағы мемлекетімізді Мәңгілік елге айналдыру жолында өткенін ұмытпай, тілін қастерлеп қана келешекке аттана алады. Елбасы бұл ұранды ұстана отырып, стратегиясының басты шартына жас буынға ұлттық тілімізді насихаттауды ерекше көздегелі отыр. Оған қоса білім ордаларында оқыту ісін 3 тілде жүргізуді заманауи талап дейді. Мен Айша бибі атындағы дарынды қыз

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік мекеп-интернатының оқушысымын. Мектебім ашылған күннен-ақ шәкірттеріне 4 тілді жетік меңгеріп шығуына барынша мүмкіншілік беріп отыр. Жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде өткізілсе, қоғамтану дәрістері белгілі қазақ, орыс тілдерінде, қосымша түбі бір туыс түрік тілін де оқытады. Осындай мүмкіншілік әрбір мектепте жоқ, алайда осы жаңа жолдау арқылы Қазақстанның әрбір оқушысы менің мектебімнің түлектері сияқты аяқтаған соң, 3 тілді толықтай біліп шығады деген ойдамын.

Жастар Мемлекет басшысының 5 институционалдық реформасының маңыздылығын халыққа кеңірек түсіндіріп, насихаттауды азаматтық міндетіміз деп санайды. Бұл – өте дұрыс бастама. Елбасы айтқандай, “Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудағы негізгі күш те біздің, яғни жастардың қолында”. Әрі бүгінгі өскелең ұрпақ ел келешегі екені белгілі. Міне, сондықтан Ұлт жоспарының 85-қадамында көрсетілген “Мәңгілік ел” патриоттық жолдауы әзірленіп жатқанда жалынды жастардың қол қусырып қарап отыруына болмайды.

Түбі бір, іргесі берік, бір Алаштың ұрпағы атанған қазақ жұрты еш уақытта өз жолынан тайып көрмеген. Ата-бабаларымыздан қалып келген басты әрі ең мағыналы байлығымыз – тәуелсіздікті мақтан тұтып, еліміздегі тыныштықты сақтау – әрбір Отаншыл жастың парызы. Бір ортаға бас бұрып, хандарымыздай ақыл-парасатпен, батырларымыздай ерлікпен ұран қағып, Мәңгілік елге бірге аттанайық!

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Шүренбай Рауан

9 сынып оқушысы

№14 Қ.Қайсенов атындағы ЖОМ,
Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетысай қ,
Жетекші: Ешмұзаева Рахима Асановна
e-mail: kaisenov-14@mail.ru

Мақтаралдың мақтанышы.
«Бұл дүниеде жақсының аты,
Ғалымның хаты өлмейді»
(Жиренше шешен)

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елді тығырықтан алып шыққын талантты басшы, республикамызда ғылым мен экономикамыздың, ілгерілеуі мен халқымыздың әлеуметтік жағдайының дамуы үшін еселі еңбек етіп келе жатқан жасампаз жобалар жаршысы, қазақ мақтасының классигі, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы академиясының академигі, ардақты азамат, қоғам қайраткері Ибадулла Үмбетаев жайлы сөз.

Ибадулла Үмбетаев 1951 жылы 15 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы «Үлгілі» ауылында туған. «Атамұра» ауылындағы «№ 14 Қ.Қайсенов» атындағы жалпы орта мектептің озат түлегі.

Әкесі Изатулла 40 жылдан астам сауда саласында жемісті еңбек етсе, анасы 11 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана болған.

Ибадулла жастайынан, алғыр, елгезек, көпшіл болып өседі. Баласының бойындағы осындай қасиеттері келешекте бақытқа жетелейтінін ана жүрегі сезіп, түсіне аян берген. Ибадулланың анасы Нағима көрген түсін адамдарға айтып отырады екен». Түсімде балам өте биік мұнараның ұшар басында тұр. Жай тұрған жоқ жердегі адамдарға су беріп жатыр. Жұрттың бәрі суға ұмтылып таласып-тармасып ыдыстарын тосып тұр. Биіктен шашырап аққан су төгілмей тұп-тура ыдыстарына құйылып жатыр. Жұрт мез-мәйрам, ыдыстарын суға толтырып риза көңілмен тарқап бара жатыр» деп тоқтайды Нағима апамыз. Сол Нағима апамыз аян берген түсін өзі жорып «Құдай қаласа, менің ұлым көпке шарапаты тиетін, шапағаты мол, қайырымды азамат болады. Елдің алғысы мен қошеметіне бөленеді» - дейді. Ибадулла Үмбетаев анасының түсі анық келіп, есімі елге танылып ауданға әкім болады. Бәріне жан-жақты оймен қарап, үлкендердің де, кішілердің де сөзіне құлақ асып, үлкен ұжымды ұйымдастырып, мақсатты істерге жұмылдырып келе жатқан іскерлігіне тәнті боламыз.

Ғылымның асқар биігіне шыққан И. Үмбетаев алғашқы еңбек жолын кішкентай ғана мақта шаруашылығы тәжірбие станциясынан бастайды. 1972 жылы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Жас маман 1972-1979 жылдары Атакент қалашығында тәжірбие станциясында

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

лобарант, ғылыми қызметкер, лобаратория меңгерушісі болып жұмыс істейді. 1972-1982 жылдары Жетісай аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, сол ауданның Ленин атындағы кеңшарында директор болды. 1988-1989 жылдары обылыстық агроөнеркәсіп бірлестігі төреғасының орынбасары қызметтерінде болды. Ғылымның тереңіне бойлауға бел буған ізденімпаз, талабы таудай алғыр Ибадулла ағамыз шаруашылық, әкімдік қызметкер атқарып келеді. Ол кісі әкімдік қызметтен шектеліп қалмай, жүрегіне жақын тұтқан ғылым жолын бір сәт те естен шығарған емес. Араға 20 жыл салып өзін баптап ұшырған-алтын ұя тәжірбие станциясына 1999 жылы директор болып, біржолата ғылымға бет бұрды. Аз уақыт ішінде айтарлықтай абыройлы істер, атқарып академик атағына қол жеткізді. Академик И.Үмбетаев басқарып отырған ғылыми зертеу инуститы мақташы диқандардың игілігі үшін аянбай тер төгіп келеді.

Мақта саласындағы белгілі ғалым И.Үмбетаев үлкен ұйымдастырушылық қабілетін ғылыми зертеулермен шебер ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті қазақыстандық мақтаның 11 инновациялық сортын сұрыптап, өндіріске енгізді. Бұл жаңа сорттар бүгінгі таңда оңтүстік өлкесі мақта алқаптарының 75 пайыздан астам жерінде аудандастырылып, егілуде. «Мақтарал» мақта сорттары авторлық куәлік және инновациялық патенттерін иеленген. Өз ісіне шын берілген, парасатты ғалым, ауыспалы егістерін, жетілдіріп, мақта шаруашылығын эканомикаға тиімді тұстарын дәлелдеп, диқандарға көмектесуді мақсат етіп қойды. Бұл мақсатқа жету үшін жүзеге асырылып жатқан әрбір істің жемісін ел көріп отыр. И.Үмбетаевтың білім мен еңбектің арқасында қол жеткізген беделі мен адамзаттығын ел құрмет тұтады. Мақта диқандарының қамқоры болып кеңес берумен келеді. Ибадулла аға «Жер құнарлы болса, өнім де көп алынады. Жер жақсы нәрлендірілсе, алынған өнімнің сапасы жақсарады. Сапалы өнім - сұраныс көзі. Сұраныс болды деген сөз-диқанның еңбегі жанды дегені»-деп өз пікірін халыққа жеткізіп отырады. Бұл – ғалым қайраткер И.Үмбетаевтың өмірлік ұстанымы және туған елге адалдығы.

Әрдайым ізденіс үстінде жүретін И.Үмбетаев мақта шаруашылығының түрлі бағыттары бойынша 220-дан астам ғылыми еңбектер жазды. 1993 – 2010 жылдараралығында қазақ мақтасының түрлі мәселелерін қамтитын 17 кітап пен монографиясы жарық көрді. Мұның бәрі-халықтың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейінкөтеруге бағытталған мемлекеттік бағдарламаға қосқан үлесі деп білеміз.

Еліміздің мерейін өсіріп,қазақ мақтасының мәртебесінің көтерілуіне үлес қосып ерен еңбек етіп келе жатқан ұлтжанды азамат, ғалым И.Үмбетаевтың есімі елден тысқары мемлекеттерге де жақсы танымал. Ол Еуропа, Азия, Америка, Африка елдерінде болып, дүниежүзілік мақта өндіруші өндеуші мемлекеттер делегациялары қатысыуымен өтетін ғылыми – практикалық конференцияларда «Қақыстанның мақта шаруашылығы,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бүгінгі жағдайы және келешегі» тақырыбында баяндамалар жасап, бірқатар ірі халықаралық инновациялық – индустриалық бағыттағы мекемелердің белді мүшесі болып сайланады.

Мырзашөл даласында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бірнеше рет келген сәттерін И.Үмбетаев қуана еске алады. Ол ел Президентімен еркін әңгімелесіп, оның ғажап көрегендігіне, ұлт рухын аспандатқан ұлылығына куә болды.

Мырзашөл топырағының төл перзенті И.Үмбетаев қажырлы еңбегі мен қайраткерлігін ұштастыра отырып, елін қорғауға қашанда дайын екенін дәлелдеп келеді. «Ерді ел үшін, жігітті жұрт үшін мақта» демекші Ибадулла ағаны қай қырынан мақтасаңда мақтауға лайық кісі.

Ауылымыздың аяулы да ардақты азаматы И.Үмбетаев өзі оқып білім алған Қ.Қайсенов атындағы мектеп оқушыларымен ұйымдастырылған кездесуге келіп, ХХІ ғасырда білімнің мәні туралы киелі ойлармен бөлісіп, ардагер ұстаздарға алғысын білдірді. Ғалым аға жастарменбас қосуда, ауылдың іргетасын қалаған, мақта шарушылығының қалыптасуына ерен еңбек еткен аталардың өмір жолын жеткіншек ұрпаққа үлгі-өнеге тұтып, жұмыла еңбек ету жайын айтты. Мектептегі үздік оқитын оқушыларға өз кітаптарын тарту етті.

Сондай-ақ, Ибадулла аға білім ордасында әкесі Затулла Үмбетаев атындағы сынып бөлмесін ашып, демеушілік жасап келді.

Қазіргі кезеңде ұлт мерейін өсіріп тұратын «Қазақ мақтасы» деген ұғым қалыптастырады. Мұндай мәртебеге ғалым И.Үмбетаевтың қосқан үлесі ұшан-теңіз.

«Ерлік елеусіз қалмасын» - деп батыр Бауыржан атамыз айтқандай, И.Үмбетаевтың ел үшін төккен тері, ерен еңбектеріескерусіз қалмады. 2006 жылы оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілсе, 2008 жылы мақта шаруашылығын өркендетудің ғылыми негіздерін жасаға елеулі еңбегі үшін А.И. Бараев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сондай-ақ ол - «Еңбектегі ерлігі үшін», «Астана», «Қ.Р Тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 60 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

Ибадулла аға-өмірлік жолдасы Хадишамен 2 ұл, 2 қыз тәрбиелепөсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға ұшырған аяулы жар, қамқор әке. Бүкіл Мақтарал халқының күнкөріс көзіне айналған мақта шаруашылығының өсіп, өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан Ибадулла ағаның асуы, шығыр шыңы көп болсын.